АҢДАТПА

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазіргі жаһандық экономика жағдайында халықаралық ынтымақтастықты кеңейту және сауда көлемін арттыру мемлекетаралық көлік жүйелерінің тиімді жұмыс істеуін талап етеді. Бұл өз кезегінде транзиттік жүк пен жолаушылар ағындарын кедергісіз қамтамасыз ететін заманауи көлік-логистикалық инфрақұрылымды дамытудың маңыздылығын арттырады. Қазақстанның географиялық орналасуы елдің транзиттік әлеуетін барынша тиімді пайдалануға мүмкіндік береді және оны халықаралық көлік дәліздерінің стратегиялық торабына айналдырады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Ж.Тоқаев елдің көлік инфрақұрылымын жаңғырту мен кеңейтуге ерекше назар аударып, Транскаспий бағыты мен ішкі теміржол желілерін дамыту, көлікті цифрландыру және мультимодальды тораптарды құруды стратегиялық міндет ретінде белгіледі. Сонымен қатар, логистика мен электрондық сауданы интеграциялау, автоматтандырылған басқару жүйелерін енгізу, «жасыл дәліздер» мен халықаралық авиациялық хабтарды дамыту – көлік жүйесінің тиімділігін арттыру мен жаһандық сауда процестеріне белсенді қатысудың негізгі факторлары ретінде қарастырылады.Транзиттік тасымалдардың өсуі Қазақстанға үлкен экономикалық пайда әкеліп қана қоймай, ұлттық көлік жүйесінің тиімділігін арттырып, геосаяси тұрақтылық факторы ретінде қызмет ете алады. Бұл үрдіс сыртқы экономикалық байланыстарды кеңейтіп, Қазақстанның Еуропа мен Азия арасындағы табиғи транзиттік көпір ретіндегі рөлін күшейтеді [1].

Мәселенің даму дәрежесі. Халықаралық дәліздердің халықаралық ынтымақтастықты кеңейту, кірігу процестерін тереңдету және халықаралық сауда көлемін ұлғайту үрдістерінде алатын орны ерекше. Бұның өз алдында ел экономикасын дамытуға, еліміздің географилық жағадйын ескере отырып, елімізден өтетін халықаралық дәліздерді дамыту, олардың инфрақұрылымдарын жетілдіру маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Бұл мәселені отындық және шетелдік ғалымдар шешуге атсалысып, осы тақырыпқа арнлаған көптеген ғылыми зерттеулер жасап, нәтижелері ғылыми жарияланымдарда көрініс тапқан. Атап айтқанда, шетелдік ғалымдар - В.А. Дергачев, Е.Ю. Винокуров, М.А. Джадралиев, Ю.А. Щербанин, Е.М. Чернявская, А.Г. Кириллова, Л. Б. Вардомский және М. О. Тураева, Ю.Цуй, У.Мартин, Н.Джейхун, К.Т. Чанг, П.Георгиев, Д. Ватанабэ, Р. Сибасаки и Х. Араи, Н.П.Контесси, А.Г. Котенко, С.Б. Сатторов, В.Р. Нехорошков, К.М. Тимучин, Р. Шакалис, Н.Батарлиене, Д.Калабрезе, О.Хилмола, В. Хенту, К.Карталь, М. Мусаль-Малаго, Р. Кинзенковски, ресейлік ғалымдар – И. Макарова, К. Шубенкова, П.Буйвол, В. Маврин, Л. Габсалихова, Э.Мухаметдинов, А.Романова, А.Выгнанов, М.Выгнанова, Е.Соколова, К.В. Холопова, Л.Б. Миротина, Э.Л. Лимонова, В.М. Назаренко, Н.А.Троицкой, Е.Г. Ефимовой, Т.А.Прокофьевой, Н.А. Журавлевой және халықаралық дәліздерді зерттеуші қазақстандық ғалымдар К.Байзакова, Г.Байкушикова, Д.Жекенов, М.Нарибаев, М.Изтелеуова, С.Бекжанова, М.Лаумулин, А.Арупов, Қ.Н. Айдарханов пен А.К. Рахметолдин, Н.Қ.

Исингарин, Б.Бюжеева, Ә. Ермекбаев және С.Түркеева, З.Е. Қожабекова, Ж.С. Раимбеков және Б.У. Сыздыкбаева секілді тағы басқалардың еңбектерінде кеңінен қарастырылған. Бұл халықаралық көлік дәліздері әлемдік экономикада маңызды рөл атқаратын, бұл елдер арасындағы сауда мен тауар алмасуды жеңілдететінің айғағы. Көлік байланыстары тауарлардың бәсекеге қабілеттілігін арттыра отырып, жеткізу уақыты мен құнын төмендетеді. Халықаралық көлік дәліздері – жаһандық логистикалық жүйенің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Олар мемлекеттер арасындағы сауда ағындарын оңтайландыруға, жеткізу уақытын қысқартуға және көлік шығындарын азайтуға мүмкіндік береді. Алайда, бұл дәліздердің дамуында бірқатар құрылымдық және институционалдық кедергілер бар, олардың ішінде инвестициялық тапшылық, саяси тұрақсыздық, құқықтық үйлесімсіздік және инфрақұрылым сапасының біркелкі еместігі ерекше орын алады. Дәліздерді тиімді ұйымдастыру үшін ұлттық заңнамаларды біріздендіру, көлік жүйелерінің өзара әрекетін үйлестіру және техникалық стандарттарды келісу қажет.

Сонымен қатар, геосаяси өзгерістер мен цифрлық трансформация жағдайында халықаралық көлік дәліздерінің дамуы жаңа ғылыми әдістермен зерттеуді талап етеді. Қазіргі ғылыми әдебиетте бұл мәселелер жеткіліксіз деңгейде қарастырылған, әсіресе интеграцияланған модельдер мен инфрақұрылымдық оңтайландыру тетіктері бойынша зерттеулердің аздығы байқалады. Осыған байланысты көлік дәліздерін заманауи талаптарға сай жетілдіру, тиімділігін арттыру және өңірлік экономикалық байланыстарды күшейту мақсатында теориялық және қолданбалы тұрғыдан терең ғылыми талдау жүргізу өзекті болып отыр.

Зерттеу объектісі. Зерттеу объектісі ретінде Қазақстан Республикасының аумағы арқылы өтетін халықаралық көлік дәліздерінің көлік-логистикалық инфрақұрылымы алынды. Бұл дәліздер елдің транзиттік әлеуетін жүзеге асыруда стратегиялық маңызға ие, себебі олар Еуропа мен Азия арасындағы негізгі тасымал бағыттарын біріктіреді және жаһандық көлік жүйесіне интеграциялануға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында аталған инфрақұрылымның қазіргі жағдайы, даму үрдістері мен тиімділігін арттыру жолдары қарастырылды. Әсіресе Транскаспий халықаралық көлік бағытының транзиттік әлеуетін арттыру мақсатында инфрақұрылымдық элементтердің өзара әрекеті мен үйлесімділігіне ерекше назар аударылды.

Зерттеу пәні. Транскаспий халықаралық көлік бағыты. Ол халықаралық тауар айналымының бағыттарын құрайтын жүйе ретінде әрекет ететін сауда-экономикалық және саяси-экономикалық қатынастардың жиынтығы. Тасымалдау, қайта бөлу, кедендік рәсімдеу, ақпараттық қамтамасыз ету және логистикалық ағындарды басқару процестерін қоса алғанда, халықаралық көлік дәліздерінің көлік-логистикалық инфрақұрылымының жұмыс істеуін оңтайландыруға бағытталған әдістер, модельдер және практикалық шешімдер, олардың тиімділігін арттыру, шығындарды азайту және қызмет көрсету сапасын жақсарту мақсатында қарастырылды.

Жұмыстың мақсаты. Инфрақұрылым мен басқарудағы инновациялар арқылы транзиттік әлеуетті жақсартуға баса назар аудара отырып және жаһандық логистиканың қазіргі заманғы сын-тегеуріндері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, халықаралық көлік дәліздерінің тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған көлік-логистикалық инфрақұрылымды оңтайландыру үшін кешенді әдістер мен модельдерді әзірлеу және енгізу.

Қосымша ретінде, зерттеу Транскаспий халықаралық көлік бағытына ерекше назар аудара отырып, оның транзиттік әлеуетін арттыру мақсатында имитациялық модельдеу және эмпирикалық зерттеулер арқылы нақты ұсыныстар мен шешімдер ұсынылады.

Гипотезаны тексеру және зерттеу мақсатына қол жеткізу үшін диссертациялық жұмыста бірнеше міндеттерді шешу көзделген.

Бұл ретте келесі міндеттерді шешу қажет.

- Халықаралық дәліздердің транзиттік әлеуетін арттыру үшін көлік-логистикалық инфрақұрылымды оңтайландырудың теориялық және әдіснамалық аспектілерін қарастыру;
- Транскаспий халықаралық көлік бағытының көлік-логистикалық инфрақұрылымын талдау;
- Транскаспий халықаралық көлік дәлізінің инфрақұрылымын оңтайландыру бағыттары және Транскаспий халықаралық көлік бағыты бойынша транзиттік ағындарды модельдеу және олардың тиімділігін бағалау үшін имитациялық модельдер әзірлеу.

Ғылыми жаңалығы. Транскаспий халықаралық көлік бағытының (ТХКБ) негізгі сапалық және сандық көрсеткіштері анықталып, көлік-логистикалық инфрақұрылымының тиімділігі имитациялық модельдеу арқылы бағаланды. Модельдеу нәтижелері негізінде болашақ жобаларды жоспарлауға арналған ғылыми-тәжірибелік ұсыныстар әзірленді.

- «Халықаралық жүк тасымалы» мен «халықаралық сауданың» өзара байланысы дәлелденіп, көлік дәліздерінің маңыздылығы нақты негізделді.
- Сауда ағындары мен көлік инфрақұрылымы арасындағы тәуелділік анықталды.
- ТХКБ бойындағы инфрақұрылым жұмысы имитациялық модель негізінде оңтайландырылды
- Көлік дәліздерінің тиімділігін арттыруға бағытталған әдістемелік тәсілдер ұсынылды.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

- ТХКБ үшін әмбебап имитациялық модель жасалды, ол көлік бағыттарын оңтайландыруға мүмкіндік береді.
- Модель тасымалдау процесін жоспарлау мен талдауға арналған, нақты деректермен жұмыс істеуге бейімделген.
- Көлік-логистикалық инфрақұрылымды оңтайландырудың теориялық негіздері әзірленді.

Зерттеу әдіснамасы. Осы диссертациялық зерттеуде халықаралық көлік дәліздерінің транзиттік әлеуетін арттыру мақсатында көлік-логистикалық инфрақұрылымды оңтайландыру мәселелері кешенді түрде қарастырылды.

Зерттеу әдіснамасы негізгі ғылыми тәсілдер мен әдістерге негізделген: жалпы ғылыми әдістер, арнайы әдістер, статистикалық талдау, имитациялық модельдеу, математикалық модельдеу және эмпирикалық зерттеу әдістері.

Зерттеу барысында отандық және шетелдік ғылыми еңбектер, заңнамалық актілер, халықаралық ұйымдардың мәліметтері мен статистикалық деректер кеңінен пайдаланылды. Теориялық негіздер мен модельдік тәсілдер Транскаспий халықаралық көлік бағытына ерекше назар аудара отырып әзірленді.

Теориялық және практикалық маңыздылығы. Зерттеу жұмысы халықаралық көлік дәліздерінің транзиттік әлеуетін арттыруда көлік-логистикалық инфрақұрылымды оңтайландырудың теориялық негіздерін жүйелеп, жаңа ғылыми тұжырымдамалар ұсынды. Имитациялық модельдеу әдісі арқылы дәліздердің құрылымдық және функционалдық элементтері ғылыми тұрғыда талданды. Бұл зерттеу көлік жүйелерінің тиімділігін арттыруға бағытталған модельдер мен әдістерді әзірлеуде маңызды теориялық база қалыптастырады.

Зерттеу нәтижелері нақты инфрақұрылымдық шешімдер қабылдауда және транзиттік бағыттарды жоспарлауда қолдануға жарамды. Транскаспий халықаралық көлік бағыты бойынша ұсынылған модельдер мен оңтайландыру тәсілдері логистикалық процестерді жетілдіруге, транзиттік тасымалдардың көлемін арттыруға және шығындарды азайтуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл жұмыс көлік стратегиясын әзірлеуші мемлекеттік органдар мен логистикалық компаниялар үшін тәжірибелік құрал бола алады.

Қорғауға келесі ғылыми тұжырымдамалар шығарылады:

- Транскаспий халықаралық көлік бағытын имитациялық модельдеу арқылы көлік бағыттарын оңтайландыратын әмбебап модель құрастырылды.
- Көлік дәлізінің компоненттерінің жай-күйі, тасымалдауға сұраныстың даму динамикасы және инфрақұрылымдағы жоспарланған өзгерістер туралы деректерді тікелей пайдалануға мүмкіндік беретін модель жасалды. Бұл модель белгілі бір көлік дәлізінде тасымалдау процесін талдау және жоспарлау үшін қолдануға болады.
- Халықаралық дәліздердің көліктік-логистикалық инфрақұрылымын оңтайландырудың теориялық негіздері әзірленді. Бұл транзиттік әлеуетті арттыруға бағытталған негізгі тұжырымдамалар мен тәсілдерді қамтиды.

Зерттеудің ақпараттық базасы ретінде Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік актілері, Қазақстан Республикасының Заңдары, әр түрлі субъектілердің іс-әрекеттерін және экономиканың дамуын реттейтін Қазақстан Республикасының Қаулылыары мен жарлықтары, отандық және шетелдік мерзімді баспа материалдары, Scopus, Springer Link және тағы басқа деректер базасының ғылыми мақалалары, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялардың материалдары, Қазақстан Республикасының Статистика комитетінің деректері, «Қазақстан Темір жолы» АҚ деректері және де тағы басқа ұйымдардың деректері пайдаланылды.

Жұмыс нәтижелерін апробациялау. Диссертациялық зерттеудің негізгі ғылыми нәтижелері халықаралық және республикалық деңгейдегі ғылыми конференцияларда, симпозиумдар мен ғылыми журналдарда жарияланып,

ғылыми қауымдастықта талқылаудан өтті. Зерттеу нәтижелері «Transport and Telecommunication», «Вестник КазАТК», «Вестник Туран» сияқты басылымдарда жарық көріп, отандық және шетелдік сарапшылар тарапынан оң бағасын алды.

Сонымен қатар, жұмыс барысында әзірленген модельдер мен аналитикалық қорытындылар практикалық ұсыныстар түрінде салалық мекемелер мен логистикалық құрылымдарда қолдану үшін ұсынылды.

Жарияланымдар. Зерттеудің негізгі нәтижелері келесі халықаралық конференциялар мен ғылыми еңбектер жинақтарында жарияланды: Trans-Caspian international transport route infrastructure assessment using simulation modelling (Transport and Telecommunication, 2024, volume 25, no. 1, 11–19 https://doi.org/10.2478/ttj-2024-0002), Анализ транспортно-складских мощностей на транскаспийском железнодорожном маршруте (Вестник КазАТК, 2023, Том 124 № 1, стр. 153-160), Моделирование работы транспортно-логитических компаний в Казахстане (Вестник КазАТК, 2023, Том 125 № 2, стр. 138-146), Анализ методов по оптимизации системы закупок на предприятии (Вестник Туран, 2023, №2 (98), стр. 159-171), Взаимосвязь глобальных кризисов с грузоперевозками: сравнение между Германией и Казахстаном (Вестник КазАТК, 2023, Том 127 № 4, стр. 89-100), Совершенствование контейнерных перевозок в Республике Казахстан (Вестник КазАТК, 2023, Том 127 № 4, стр. 111-118), Оптимизация транспортно-логистической инфраструктуры для повышения транзитного потенциала международных коридоров (Вестник КазАТК, 2024, Том 131 № 2, стр. 128-137), Доставка на «последней миле»: библиометрический анализ (Вестник КазАТК, 2024, Том 131 № 2, стр. 138-146), Состояние развития логистики и транзитного потенциала международных коридоров Республики Казахстан («Вестник университета «Туран» № 4 2024 г. – стр.200-212), Factors of development of international transport corridors in the Republic of Kazakhstan («Жаһандық өзгерістер жағдайындағы тұрақты экономикалық даму парадигмасы: сын-қатерлер, салдар, мүмкіндіктер» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары 11-12 сәуір 2023 ж.), Факторы развития международных транспортных коридоров в Республике Казахстан в целях реализации ЦУР (Conference on Education and 3rd mission of Universities, Sustainability and Development» Д.Э. Урманова, А. Нургалиев, Alberto Frigerio, Aurora Díaz-Soloaga. – Алматы: КазНИТУ, 2024. – с.68).

Диссертацияның құрылымы.

зерттеудің пәніне, мақсаттары мен міндеттеріне сүйену арқылы түзелген. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланған әдебиеттер тізімінен, қосымшалардан тұрады. Зерттеу 193 бетте баяндалған, 27 сурет, 32 кестені қамтиды.